

БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨНІРАРАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

«Сөйлеу бұзылыстарын кешенді түзетудегі логопедиялық массаж»/ «Логопедический массаж в комплексной коррекции речевых нарушений» мектепке дейінгі, жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдарының мұғалім-логопедтеріне арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасына САРАПТАМАЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«Сөйлеу бұзылыстарын кешенді түзетудегі логопедиялық массаж»/
«Логопедический массаж в комплексной коррекции речевых нарушений»
мектепке дейінгі, жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдарының
мұғалім-логопедтеріне арналған біліктілікті арттыру курсының білім беру
бағдарламасына сараптама ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4
мамырдағы №175-ші бұйрығымен бекітілген педагогтердің біліктілігін арттыру
курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту
қағидалары негізінде (әрі қарай – Қағида) жүргізілді.

Қағиданың 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының
заңнамасына және нормативтік құқықтық актілеріне талдау жасалған.
Педагогтер арасында сауалнама жүргізілген, зерттеудің сандық әдістері арқылы
педагогтердің кәсіби дамуындағы қажеттіліктері талданған.

Қағиданың 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасы
мен нормативтік құқықтық актілеріне және педагогтердің қажеттіліктеріне
жүргізілген талдау нәтижелері хаттамалық шешіммен (22.12.2025 жылғы
хаттама) рәсімделген.

Қағиданың 6-тармағына сәйкес біліктілікті арттыру ұйымы хаттаманың
(22.12.2025 жылғы хаттама) негізінде Бағдарламаны әзірлеу мерзімін,
Бағдарламаның атауын, оқыту ұзақтығы мен нысанын көрсете отырып бұйрық
(23.12.2025 жылғы № 61) шығарған.

Қағиданың 7-тармағы талаптарға сәйкес.

Қағиданың 8-тармағына сәйкес Бағдарлама келесі бөлімдерді қамтиды:
Жалпы ережелер; Глоссарий; Бағдарлама тақырыбы; Бағдарламаның мақсаты,
міндеттері және күтілетін нәтижелері; Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны;
Оқу процесін ұйымдастыру; Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
Оқу нәтижелерін бағалау; Курстан кейінгі қолдау; Негізгі және қосымша
әдебиеттер тізімі.

«Жалпы ережелер» бөлімінде Бағдарлама өзектілігінің жалпы мемлекеттік
басымдықтар мен әлемдік трендтермен байланысы көрсетілген.

«Глоссарий» бөлімі талаптарға сәйкес.

«Бағдарлама тақырыбы» талаптарға сәйкес.

«Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері»
бөлімінде Бағдарламаның тәжірибелік маңыздылығы, оқыту нәтижелерінің
педагогтердің жұмыс тәжірибесіне әсері сипатталған.

«Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны» бөлімі 5 модульден (мұғалім-логопедтің кәсіби құзыреттілігінің нормативтік-құқықтық және теориялық-әдістемелік негіздері, логопедиялық қызметті психолого-педагогикалық қолдау, әртүрлі сөйлеу бұзылуларына кезіндегі логопедиялық массаж әдістемелері, логопедтің IT-құзыреттілігін дамыту, қорытынды тестілеу және меңгерілген құзыреттіліктерді бағалау) тұрады.

Әрбір модульдің міндеттері теориялық білімді практикалық игеру мен қолдануды қамтамасыз ете отырып, мақсатқа жету кезеңдері сипатталған.

«Оқу процесін ұйымдастыру» бөлімінде оқу процесінің форматы сипатталған, сағат саны көрсетілген.

«Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету» бөлімінде оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқытудың тиімді әдістері ұсынылған.

«Оқыту нәтижелерін бағалау» бөлімінде бағалаудың тиімді әдістері көрсетілген.

«Курстан кейінгі қолдау» бөлімінде курстан кейінгі қолдау форматы (конференциялар, семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдер) нысандары мен әдістері сипатталған. Тиімді әдістемелік қолдау көрсету үшін әртүрлі байланыс құралдары пайдаланылады, соның ішінде: электронды пошта; әлеуметтік желілердің мессенджерлері (WhatsApp, Facebook және т.б.).

«Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі» бөлімінде отандық және шетелдік әдебиеттер қарастырылған.

Қағиданың 9-тармағына сәйкес Бағдарлама жобасы екі тілде жария талқылау үшін педагогтердің біліктілігін арттыру ұйымының интернет-порталына жүктегелген.

Қағиданың 10-тармағына сәйкес Бағдарлама барлық тиісті параметрлерді ескере отырып әзірленген.

Сараптамалық қорытынды:

Мектепке дейінгі, жалпы білім беретін және арнайы білім беру ұйымдарының мұғалім-логопедтеріне арналған «Сөйлеу бұзылыстарын кешенді түзетудегі логопедиялық массаж»/ «Логопедический массаж в комплексной коррекции речевых нарушений» педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру Бағдарламасы жоғарыда көрсетілген бұйрықтың 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10 - тармақтарына сәйкес келуіне байланысты **келісу қорытындысы ұсынылады.**

Негіздеме: Сараптама кеңесінің отырысы, 19.01.2026 жылғы №33 хаттама

Сарапшы: